

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

Тұрдыбекова Гүлназ Алмасқызы

gulnaz_turdybekova@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Шетел филологиясы: қытай тілі мамандығының студенті

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші – Шаяхмет Жұлдыз

«Үйлену оңай, үй болу қиын» дегендей, үйленіп, үй болу адам өміріндегі ең жауапты қадамдарының бірі болып саналады. «Келін түсіріп, қыз ұзату» - әр қазақтың арманы. «Ұлын ұядан ұшырып, қызын қияға қондыру», жастарға бөлек отау тігіп, үйлі-баранды ету – әрбір ата-ананың парызы.

Ер мен әйел – отбасының екі іргетасы. Ол үйленумен қаланады. Ойшыл А.Шопенгауэр айтпақшы: «Үйлену дегеніміз – өз құқығыңның жарымын азайтып, міндетінді екі есе көбейту деген сөз».

Жер бетіндегі халықтардың мәдениетінің, дәстүрлерінің, салттарының қаншалықты көп және бір-біріне ұқсамайтын ерекше екенін ойлау қиынға соғады. Бірімен бірін байланыстыратын еш ұқсастық жоқ болып көрінеді. Сондай барша ұлтқа ортақ, бірақ әр түрлі өткізілетін дәстүрлердің бірі – үйлену тойы. Бәрі өздерінше жасағанымен түпкі мақсат бір – жаңа құрылған отбасының бақытты болып кетуі.

Әлемнің ең көне елдерінің бірі, Азияның жетекші дамушы елі, тарих пен мәдениеттің алтын сандығы болып табылатын аспан асты елінде аталмыш мереке, той-думан қалай өтеді?

Некелесу қытай қоғамы үшін отбасылар арасындағы алдын-ала келісімді білдіретін дәстүрлі салт. Ежелгі Қытайда жастар тек ата-ананың кеңесімен, келісімімен ғана үйленген.

Ғару сөзінің бірінші иероглифі 婚-ау кілті мен 昏 иероглифінен тұрады. Үйлену рәсімі тек кешкі уақытта өткізілген, себебі кешқұрым салтанатты жиындар үшін ең қолайлы уақыт. Дәл солай 女 кілтінен және 因 иероглифінен 姻 иероглифі де құрылған. Дәстүрлі қытай иероглифтері сөздігіне сүйенсек 因 иероглифі ізгі отбасылық өмірдің тірегі болып табылатын «достық», «махаббат» және «үйлесімділік» сөздерін білдіреді екен.

Конфуцийшілдік қытай қоғамының барлық қырына өзінің өшпес, ұмытылмас, мәңгілік үлесін қалдырды. Конфуцийшілдікке сәйкес некелесу отбасы мен қоғам үшін қаншалықты үлкен рөл ойнаса, ізгілік пен рақымдылықты насихаттауда да соншалықты үлкен маңызы бар. Отбасы – қоғамның өзегі. Ер жетіп келе жатқан ұлының үйленуі мен қыздарының тұрмысқа шығуы тек ата-ананың таңдауымен жүзеге асырылды. Ол кезде махаббат мәселесі орын алмады, ата-ананың балаларының қатысуынсыз жар таңдауы қалыпты, табиғи жағдай болды. Жастар арасындағы махаббат некелесу рәсімінен кейін оянуы да, оянбауы да мүмкін еді. Бірақ бұл отбасының дұрыс өмір сүруіне, отбасының үлкеюіне ешқандай кері әсерін тигізбеді.

Қытайда б.з.д. 402-221 жылдары некелесу дәстүрге айналды. Қытайдың терең тарихы мен әртүрлі географиялық кеңістіктеріне қарамастан Қытайда «Үш хат» және «Алты жора»

(三書六禮) деген атпен белгілі 6 басты рәсім бар.

«Үш хат»:

- Күйеу жігіттің жанұясы қалыңдықтың жанұясына жіберетін өтініш хаты. Бұл ресми түрде некелесуге ұсыныс білдіру болып табылады.
- Үйлену тойының алдында күйеу жігіттің жанұясы қалыңдықтың жанұясына жіберетін сыйлық хаты.
- Некелесу күнінде жіберілетін үйлену тойы хаты. Оның мазмұнында қалыңдық күйеу жігіттің отбасына қабылданғандығы жайында баяндалады.

Кейбір деректерде некелесуден бұрын күйеу жігіт қалыңдықтың отбасына алдын-ала сегіз иероглифтен тұратын кішігірім хат жіберетіні жайлы сөз етіледі. Онда күйеу жігіттің

тегі, туылған жылы, айы, күні және сағаты жазылады. Бұл деректерге сүйене қалыңдық жағы бал ашу рәсімін жүргізеді, қорытындысы жақсы болса, дәл осындай деректерді қамтитын хатты күйеу жігіттің отбасына жібереді. Егер хат күйеу жігіттің үйінде болған үш күннің ішінде ешқандай жамандық орын алмаса, онда үйленуге келісім беріледі.

«Алты жора»:

1. Күйеу жігіттің ата-анасы ықтимал қалыңдықты кездестірген кезде, олар екі мүлде бейтаныс отбасылардың арасында туындауы мүмкін түсініспеушіліктер мен жанжалды жоюға арнайы жеңгетайды жібереді.

2. Егер қалыңдықтың ата-анасы қарсы болмаса, жеңгетай жұптың туылған күндерін салыстырады. Егер қытай жұлдызнамасына сәйкес жұп үйлесімді болып табылса олар келесі кезеңге өтеді.

3. Бұл кезеңде күйеу жігіттің отбасы болашақ құдаларымен қалыңдық үшін берілетін қалыңмалды талқыға салады.

4. Артынша күйеу жігіттің отбасы қалыңдықтың отбасына сыйлық ретінде діни мағыналы заттарды жібереді.

5. Екі жақ қытай күнтізбесіне сүйене отырып жастарға ең сәтті болатын үйлену тойының күнін белгілейді.

6. Соңғы кезең болып, әрине, күйеу жігіт пен қалыңдық отбасылық жұпқа айналатын некелесу рәсімінің өзі табылады. Некелесу рәсімі бірнеше бөлімнен тұрады:

- Қыздың өз үйінен жігіттің үйіне жеткенге дейінгі салтанатты шеру.

Үйлену тойы болатын күні қалыңдық таң сәріден бастап ата-анасымен және басқа да туысқандарымен қоштасып өзінің болашақ күйеуінің үйіне көшуге дайындалады. Дәстүр бойынша қыз үйлену тойының алдында еш тамақ жемеуі керек болса, күйеу жігіт таң ата бір табақ ет жеуі керек. Онда болашақ отбасы молшылықта өмір сүрсін деген мағына жатыр. Жігіт үйлену тойына дайындалғанша, күйеу жігіттің жағынан қалыңдыққа дәстүрлі әуенмен сүйемелденген бір топ қызметшілер келеді. Әдетте қалыңдықтың отбасы күйеу жігіт жіберген адамдарды жол бойында күтіп алып, діни рәсімдермен алмасқаннан кейін оларды үйлеріне шақырып шағын той жасайды. Екі жақ сыйлықтарын сыйлағаннан кейін, күйеу жігіттің әпкелері қалыңдықты алдын-ала қонақ бөлмеге кіргізілген қызыл зембілге отырғызады. Осы орайда қытай халқының қызыл түске деген ықыластарын айтып кеткен жөн. Қытай халқы қызыл түсті ерекше құрметтейді. Қызыл түс – ырыс пен бақтың, байлық пен дамудың нышаны. Сондықтан да, қытай халқы кез келген сыйды қызыл түсті қорап пен қағазға орайды. Сонымен қатар, қызыл түс Азия елдерінде қызбен байланыстырылады. Бұған дәлел, қазақы танымда: «Қыздың көзі – қызылда» десе, қытайлықтар «红颜薄命», яғни «Қызыл реңк – әйелдің нұрлы жүзі» деп сипаттайды. Бұдан бөлек қытай халқында «红红火火» деген мәтел жиі айтылады, бұл адамның өмірі жақсы оқиғаларға толып алға басқанда, белестерді бағындырып шыңға шыққанда қолданылатын сөз[1].

Көне дәстүрлер бойынша қалыңдық күйеу жігіттің үйіне жеткенше аяғын жерге тигізуіне рұқсат етілмейді, өйткені қалыңдық күйеу жігіттің үйіне таза болып түсуі керек. Кей уақытта зембілге қалыңдықтың жанына болашақта ер бала туылсын деген ниетпен бір кішкентай ұл баланы отырғызады.

- Салтанатты шеру жігіттің үйінің алдында аяқталады.
- Деректі некелесу рәсімдері. Батыста үй болайын деп жатқан жастар ант алмасып, серт берсе, Қытайда жастар аспанға, күйеу жігіттің ата-анасына және бір-біріне сыйластығын білдіреді.
- Қытайда үйлену тойының зияпаты 喜酒 деген атпен белгілі, сөзбе-сөз аударатын болсақ ол «бақытты шарап» дегенді білдіреді. Оның дәстүрі болып ата-аналарға, болашақ күйеуіне және қонақтарға шарап пен шәйдан дәм татқызу табылады.

Жас жұбайлар зияпат басталмас бұрын қонақтарды қарсы алады. Келген қонақтар өздерінің ізгі тілектерін білдіріп 红包 сыйлайды. Ол ақша салынған қызыл хатқалта.

Ең қиыны, шақырылатын қонақтардың тізімін жасау. Жиналған қонақтар үлкен дөңгелек үстелге жайғасады. Қонақтарды үстел басына отырғызған кезде, қатар отырған адамдар бір-бірімен таныс болуына көңіл бөлінеді.

Қытайлықтарда зияпат жалпы тойдың өте маңызды бір бөлігі болып саналады. Зияпаттағы тағам түрлері кейде тіпті 12 рет ауыстырылады. Тағамдар сапалы әрі қымбат болуы жөн. Қонақтарға міндетті түрде балық ұсынулы тиіс, өйткені ол молшылықтың белгісі [2].

Қазіргі заманда қытайлар барлық ұлттық дәстүрлерін толық сақтайды деп айта алмаймыз, бірақ әрбір үйлену тойында тіпті ең көне дәстүрлердің кішігірім элементтерін байқауға болады.

Қытай ұлтының үйлену салт-дәстүрлерін қазақ ұлтының үйлену салт-дәстүрлерімен салыстыратын болсақ, айырмашылықтарынан гөрі ұқсастықтары көбірек екені айдан анық.

Қазақ халқының үйлену салты негізінен құдалық, үйленуге дайындықтар, той және тойдан кейінгі әдет-ғұрыптар сияқты циклдерден құралады. Байқауымызша, циклдердің реті, сипаты қытай дәстүрлерінің циклдерімен сабақтас. Қазақтарда қыз бойжеткен, ұл ержеткенде екі жасты қосу «құда түсу» арқылы жасалады. Сондықтан, өз еркімен бас қосуына байланысты болатын құдалық түрі халық арасында «құдай қосқан құда» деп атала бастады. Бұлайша үйленудің өзі екі түрлі болады:

1. Құдаласу жолы бойынша жасалып, алдымен қалыңдық жағының «ұзату тойы», одан кейінгі «үйлену тойы» немесе «келін түсіру тойымен» жалғасатын үйлену салты. Ертеден және қазір де жалғасып келе жатқан әрі жарасты дәстүрлердің бірі – құда түсу. Жігіттің әкесі немесе жақын туыстары қызы бар үйге құда түседі, яғни бой жеткен қызын сұрайды. Қыз әкесі келісім берген соң құдалықтың жөн жоралғыларын жасайды.

2. Екі ұлт дәстүрлерінің арасындағы айқын айырмашылық болып табылатын, белгілі себептерге байланысты туындаған «алып қашу» немесе «қашып кету» арқылы үйлену салты. Бұл салт негізінен екі жақты көптеген салмақтан құтқарудан туындаған деуге негіз бар. Ол шындығында қызды күшпен алып қашу емес, келісілген жағдайда атқарылатын шара. Мұндайда, жігіт жағы қызды кіргізіп алған соң, құдалар ауылына «кешірім сұрап, рұқсатын алуға» 2-3 адам «хабаршы» келеді. Үйленудің бұл түрі кейде ата-ананың, әсіресе, қыз жағының екі жастың үйленуіне қарсы болған жағдайында да жасалады. Алайда, екі жастың ниетін біле тұрса да құдаласудың бірқанша ырым-кәделерінен азат болу мақсатында ата-ананың осындай жолға баратыны кездеседі. Қыздың кетіп қалуының ерікті немесе еріксіз түрде болғандығын білу үшін қыз жағынан «куғыншы» келеді. Ол көбінесе қыздың жеңгелері болып келеді. Мұндайда көбіне екі жақтың өзара тіл табысып, мәмілеге келуімен аяқталып жатады. Алып қашу алдын-ала қарастырылған болса, үйлену тойы сол күні атқарылып кетіп те жатады. Ал, дайындық болмаған жағдайда бірнеше күннен кейін де той жасалады [3].

Құда түсу рәсімі келісілген соң дала заңы бойынша күйеу жағы «қалың мал» төлеуге тиіс. Бұл – қазақ, қазақ болғалы бұлжымаған ежелгі дәстүр. Оның мөлшері құдалардың дәрежесі мен дәулетіне байланысты екі жақ келісе отырып шешеді. Бұл кезең де қытай халқының қалыңдыққа той алдында арнайы жіберілетін сый-сыяпаттарымен орайлас.

Қыз ұзату – үлкен той, думан. Бұл күні ата-ана әрі қуанады әрі жылайды. Ұзатылған қызды дәстүр бойынша таң ата, күн шыға жөнелтеді. Ұзатылған қызға берілетін дүние мүлік «жасау» деп аталады. Халық қыздың жасауына аса зор көңіл бөліп, «жасауды алты жастан жинасаң асады, жеті жастан жинасаң жетеді» деген. Небір жақсы бұйым, сәукеле, кілем, текемет, ыдыс аяқ, төсек орын, киім кешек, әсем әшекейлі тағымдар қыздарға берілетін болған. Ауқатты адамдар ақ отау тігіп ұзатқан. Жасауды қыздың еншісі десе де болады.

Неке қасиетті ұғым, беріктік шарты. Қазақ халқы мұны «ақ неке» деп ардақтайды. «Ақ некелі жарым» деп мақтанады. Бас қосқан ер мен әйелдің міндетті түрде некесі қиылады. Ол көпшілік алдында жасалады [4].

Біздің халқымыз үшін де дүниедегі қызық пен қуаныштың ең бастысы келін түсіру. Бұған бүкіл ауыл болып атсалысады, бірге қуанады, бірге тойлайды. Ауылдың қыз

келіншектері жас келіннің алдынан шығып, ешкімге көрсетпей шымылдық ішіне кіргізіп әкеледі. Шашу шашылады. Құтты болсын айтылады. Қуаныш, ойын сауық басталады. Шымылдық жиналған сәтте салтанатпен «беташар» басталады. Жаңа түскен келінді «беташар» дәстүрі жасалмай ешкім көре алмайды. Беташар – келінді екі жағынан ең кіші екі абысыны демей ұстап тұрған кезінде ақын жігіт қайын жұртымен таныстыру, ақыл-кеңес беру жыры. Мұнда «беташар» жыры айтыла отырып, келінге оның атасы, енесі, оның басқа туыстары таныстырылып, келін оларға сәлем жасайды. Сәлем жасаған адамдар «көрімдік» береді. Таныстырып болған соң ертеде ақтық байлаған қамшымен ашса, қазіргі кезде қазақтың киелі саз аспабы – үкілеген домбырамен ақын келіннің бетін ашады. Сол кезде апалар шашу шашып, тілектерін тілеп, тойға қатысушылар келін мен жігіттің маңдайынан иіскеп, құттықтайды.

Жалпы, бұл кезеңдер екі ұлтта да орын алған, бірақ әр елде өз ерекшеліктері мен діндеріне сәйкестендіріліп жүргізіледі. Ең басты айырмашылықтарына қытай халқының «үш хат, алты жора» рәсімі мен қазақ халқының «беташар» рәсімін жатқызуға болады, себебі бұл рәсімдер әр ұлттың жеке өзіне ғана тән ерекше рәсімдер. Айта кетерлік тағы бір жайт, қытай халқы ай күнтізбесіне қарайлай отырып үйлену тойының күнін белгілесе, қазақ халқының барлығы дерлік мұсылман болғандықтан мұндай ырымдарға, жұлдыз-жорамалға мүлдем сенбейді.

Әрине, тек қазақ, қытай халықтары ғана емес, дүние жүзіндегі әрбір адам қамшының сабындай қысқа жалғанда жаманды-жақсылы күндерді бірге бөлісетін «өмірлік жолдас» табуды мақсат етеді. Сол мақсатына қол жеткізген әр адам өз ұлтының, халқының діні мен сеніміне, тұрмыс-тіршілігіне, ұлттық құрылым ерекшелігіне сәйкес жинақталған салт-дәстүрлерін бұлжытпай орындауға тырысады. Тек жер бетіндегі ешбір ұлт ел зердесін рухани байлыққа толтыратын, өнеге тәжірибесін құрайтын дәстүрлерінің алтын арқауын үзбесе деген тілек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. www.massaget.kz
2. www.matrony.ru
3. Б.Аяған. Қазақстан ұлттық энциклопедиясы.- А.: «Қазақ энциклопедиясы» баспасы, 2007, 560 б.
4. «Шаңырақ» үй-тұрмыс энциклопедиясы // «Қазақ совет энциклопедиясының» бас редакциясы, 1990, 508-509 б.

УДК 811.581(091)

КИТАЙСКИЙ ЯЗЫК–ЯЗЫК БУДУЩЕГО

Убина Анель

anelubina97@mail.ru

Жамишева Жаннур

Студенты 1 курса филологического факультета

Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева,

специальность «Два иностранных языка (английский язык, китайский язык)».

Научный руководитель – Уразбекова Мадина Калыковна

Китайский язык считается самым древним из современных языков. Происхождение китайского языка начиналось еще с 14-11 веков до нашей эры. С тех пор основные его черты существенно не изменились. Примером этому служит деление диалектов на южный и северный Китайский язык входит в китайско-тибетскую семью. Он является официальным языком Китайской Народной Республики, одним из древнейших языков мира. Так как